**"Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 165 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 27 маусымдағы № 386 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 30 шілдеде № 9648 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 501 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 30.05.2015 № 501 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу мәселелері бойынша мемлекетік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 165 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9378 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 26 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент):

12-тармақ алынып тасталсын;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимыл жасасуы дәйектілігінің нақты сипаттамасы осы Регламентке 1, 3 және 4-қосымшаларда көрсетілген, осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Орталықпен өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің сипаттамасы мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы « электрондық үкімет» веб-порталында және Министрліктің mvd.gov.kz,

облыстардың, Астана, Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің интернет-ресурсында, сондай-ақ ресми ақпарат көздері мен көші-қон полициясы бөліністерінің ғимараттарында орналасқан стенділерде орналастырылады.»;

2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасының азаматтарына уақытша жеке куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент):

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимыл жасасуы дәйектілігінің нақты сипаттамасы осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген, осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Орталықпен өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің сипаттамасы мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «электрондық үкімет» веб-порталында және мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.»;

2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент):

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимыл жасасуы дәйектілігінің нақты сипаттамасы осы Регламентке 1, 3 және 4-қосымшаларда көрсетілген, осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Орталықпен өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «электрондық үкімет» веб-порталында және мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.»;

2-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент):

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимыл жасасуы дәйектілігінің нақты сипаттамасы осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген, осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Орталықпен өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «электрондық үкімет» веб-порталында және мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.»;

2-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент):

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимыл жасасуы дәйектілігінің нақты сипаттамасы осы Регламентке 1, 3 және 4-қосымшаларда көрсетілген, осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Орталықпен өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «электрондық үкімет» веб-порталында және мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.»;

2-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаментіне (С.С. Сайынов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Қ. Қасымов*

1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрінің
2014 жылғы 27 маусымдағы
№ 386 бұйрығына
«Қазақстан Республикасының
азаматтарына паспорттар, жеке
куәліктер беру» мемлекеттік
қызмет көрсету регламентіне
2-қосымша

## «Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес-процессінің анықтамалығы




2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрінің
2014 жылғы 27 маусымдағы
№ 386 бұйрығына
«Қазақстан Республикасының
азаматтарына уақытша жеке
куәліктер беру» мемлекеттік
қызмет көрсету регламентіне
2-қосымша

## «Қазақстан Республикасының азаматтарына уақытша жеке куәліктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес-процессінің анықтамалығы




3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрінің
2014 жылғы 27 маусымдағы
№ 386 бұйрығына
«Қазақстан Республикасы
азаматтарын тұрғылықты жері
бойынша тіркеу» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
регламентіне 2-қосымша

## «Қазақстан Республикасы азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес-процессінің анықтамалығы




4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрінің
2014 жылғы 27 маусымдағы
№ 386 бұйрығына
«Қазақстан Республикасы
азаматтарын тұрғылықты жері
бойынша тіркеу есебінен
шығару» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
регламентіне 2-қосымша

## «Қазақстан Республикасы азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес-процессінің анықтамалығы




5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрінің
2014 жылғы 27 маусымдағы
№ 386 бұйрығына
«Тұрғылықты жерінен мекенжай
анықтамаларын беру» мемлекеттік
қызмет көрсету регламентіне
2-қосымша

## «Тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес-процессінің анықтамалығы




© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК